

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1648. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 37 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.01.29 № 37 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 250 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігіне төрағаның 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 9 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігіне 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін. 4. "Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1817 қаулысының күші жойылған деп танылсын. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1648 қаулысына қосымша Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі орталық аппаратының ҚҰРЫЛЫМЫ Басшылық Статистикалық жұмыстарды үйлестіру және халықаралық ынтымақтастық бас басқармасы Статистикалық ақпарат жүйесі бас басқармасы Ұлттық шоттар мен төлем балансы бас басқармасы Ауыл шаруашылығы статистикасы бас басқармасы Өнеркәсіп және құрылыс статистикасы бас басқармасы Товар рыноктары, сауда және әлеуметтік инфрақұрылым бас басқармасы Халық, еңбек және үй шаруашылығы статистикасы бас басқармасы Бағалар мен халықаралық салыстырулар статистикасы бас басқармасы Кадр және арнаулы жұмыс бөлімі Қаржы бөлімі Бухгалтерлік есеп және есептеме жүргізу бөлімі Жалпы бөлім

